Дайындаушы су жылытқыштың жиынтығына, сипаттамалары мен конструкциясына алдын ала хабарламай өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

1-кесте

Таңбалама	2,0 кВт қуаты кезінде $\Delta T=45^{\circ}\text{C}$ жылытудың орташаландырылған уақыты	Тұрақты тәуліктік жоғалтулар, кВт·ч/тәул	Электр энергиясын нақты жылдық тұтыну, кВт
Ceramik 30 V	38 мин.	1,10	402
Ceramik 50 V/H	63 мин.	1,65	602
Ceramik 80 V/H	101 мин.	2,0	730
Ceramik 100 V	126 мин.	2,4	876

4. ЭСЖ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚАҒИДАСЫ

Ішкі бак химиялық коррозиядан, және пайдаланудың ұзақ мерізі салдарынан ішкі бетін сенімді қорғайтын арнайы биошыныфарфорлы жабынға ие. Сыртқы корпус пен ішкі бактың арасындағы кеңістік пенополиуретанмен – жылуды үнемдеудің үздік сипаттамаларына ие қазіргі заманғы экологиялық таза жылу оқшаулағышпен толтырылған. Ceramic үлгілері екі бұрандалы келтеқұбырларға ие: суық судың кірісі үшін (1-сур., 3 т.) көк сақинамен және ыстық судың шығысы үшін (1-сур., 2 т.) – қызыл сақинамен. ЭСЖ алдыңғы жағында, барлық үлгілерде басқару панелі болады (1-сур., 16 т.).

Алмалы-салмалы фланецте құбырлы электр жылытқыш (ҚЭЖ), термостат және магний аноды құрастырылған. ҚЭЖ суды жылытуға қызмет етеді және электронды термостатпен басқарылады, оның температурасы $+30^{\circ}$ - тан $+75^{\circ}\text{C}$ -қа дейін тегіс реттеледі. Термоажыратқыш ЭСЖ қызып кетуден сақтау үшін қолданылады және судың температурасы $+95^{\circ}\text{C}$ жоғары көтерілген кезде ҚЭЖ желіден өшіреді (3-сур.).



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Пайдалану кезінде су жылытқышының фланеціне орнатылған магний анодын үнемі ауыстырып отыру керек. Анодты ауыстыру жылына кемінде бір рет жүргізілуі керек.

KZ

Құрылғының электр сымына, оның жерге тұйықталған элементтеріне электр кернеуі ағып кеткен немесе ойылған болған кезде ЭСЖ-ты электрмен жабдықтау желісінен ажыратуды қамтамасыз ететін ҚАҚ орнатылған.

Қауіпсіздік клапаны (1-сур., 5 т.) су жылытқыштан судың су құбыры желісіне соңғы қысым төмендеген жағдайда және судың қатты қызуы кезінде бактағы қысым жоғарылаған жағдайда, сондай-ақ судың қатты қызуы кезінде бактағы артық қысымды босатып, қорғаныс клапанның функцияларын орындайды. Су жылытқышы жұмыс істеп тұрған кезде, су жылытқыштың қауіпсіздігі үшін орын алатын артық қысымды босату үшін қауіпсіздік клапанының шығатын құбырынан су ағып кетуі мүмкін. Бұл шығыс құбыры атмосфераға ашық болып, үнемі төмен және қоршаған ортада қатпайтындай орнатылуы керек.

ЭСЖ-ты монтаждау кезінде тиісті дренажды көздей отырып (1-сур., 6 т.), қауіпсіздік клапанының (1-сур., 14 т.) шығыс құбырынан суды кәрізге ағызуды қамтамасыз ету қажет.



Сақтандырғыш клапаны мен қосу келтеқұбыры арасында су алу арматурасын орнатуға тыйым салынады - су жылытқыш пен сақтандырғыш клапаны арасындағы арнаны бұзу кепілдік міндеттемелерін жояды.

Қауіпсіздік клапанының шығатын құбыры арқылы судың аз мөлшерін үнемі (айына кемінде бір рет) әк шөгінділерін кетіру және клапанның жұмысын тексеру үшін кәрізге ағызып отыру керек. Клапанды ашу үшін ол тұтқамен (1 сурет, 15 б.) жабдықталған. ЭСЖ жұмыс істеп тұрған кезде бұл тұтқа бактағы суды ағызатын жабық күйде болуы қажет.

5. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН КӨРСЕТУ

ЭСЖ электр қауіпсіздігіне электр қондырғыларын монтаждаудың қолданыстағы ережелеріне сәйкес орындалған тиімді жерге тұйықтау болған жағдайда ғана кепілдік беріледі.

Сантехникалық подводка мен бекіту арматурасы су желісінің параметрлеріне сәйкес келуі және қажетті сапа сертификаттарына ие болуы керек.

ЭСЖ-ты монтаждау және пайдалану кезінде рұқсат етілмейді:

- ЭСЖ сумен толтырылмаған болса, қуат көзін қосуға;
- электр қуаты қосылған кезде қорғаныс қақпағын шешуге;
- ЭСЖ-ты жерге тұйықтаусыз пайдалануға;
- ЭСЖ-ты 0,7 МПа-дан жоғары қысыммен сантехникалық желіге қосуға;
- ЭСЖ-ты қауіпсіздік клапанынсыз суқұбырына қосуға;

- Электр қуаты қосылып тұрған кезде ЭСЖ-тың суын төгуге;
- Өндіруші ұсынбаған қосалқы бөлшектерді пайдалануға;
- ЭСЖ суын тамақ пісіру үшін пайдалануға;
- ЭСЖ және қауіпсіздік клапанының бұзылуына әкелуі мүмкін механикалық қоспалары (құм, ұсақ тастар) бар суды пайдалануға.
- ЭСЖ кронштейндерінің конструкциясы мен орнату өлшемдерін өзгертуге.

ЭСЖ пайдаланылатын қоршаған ортаның температурасы $+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+40^{\circ}\text{C}$ -қа дейін болуы керек. ЭСЖ-тағы судың теріс температурада қатуы оның істен шығуына әкеледі, ал бұл кепілдік жағдай болып табылмайды.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Балалардың ЭСЖ-мен ойнамайтындығын бақылау керек. ЭСЖ физикалық, сезімталдық немесе психикалық қабілеттері шектеулі тұлғалардың (балаларды қоса алғанда), сондай-ақ ЭСЖ қауіпсіздігіне жауапты тұлғалардың бақылауында немесе нұсқауларына сәйкес болған жағдайларды қоспағанда, ЭСЖ-ты пайдалана алмайтын адамдардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған.

6. ОРНАТУ ЖӘНЕ ҚОСУ

Құбырлардағы жылу шығынын азайту үшін ЭСЖ-ты ыстық суды пайдалану орнына мүмкіндігінше жақын орнату ұсынылады.

Қабырғадағы тесіктерді бұрғылау (жасау) кезінде онда өтетін кабельдерді, арналар мен құбырларды ескеру қажет. Монтаждау орнын таңдағанда, сумен толтырылған ЭСЖ-тың жалпы салмағын ескеру қажет. Аз жүк көтергіштігі бар қабырға мен еденді тиісінше нығайту қажет.

ЭСЖ корпустың кронштейндерінен қабырғаға бекітілетін анкер ілгектеріне ілінеді. Қабырғаға ілмектерді монтаждау ЭСЖ кронштейндерінің өздігінен қозғалуын болдырмауы керек.

ЭСЖ-қа қызмет көрсету үшін қорғаныс қақпағынан алынбалы фланец осі бағытындағы ең жақын бетке дейінгі қашықтық кемінде 30 сантиметр болуы керек - барлық модельдер үшін;



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Тұтынушының және (немесе) үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтірмеу үшін ыстық сумен жабдықтау жүйесі ақаулы болған жағдайда едендердің гидрооқшаулауы және кәрізге дренажы бар үй-жайларда ЭСЖ монтаждауын жүргізу және ешбір жағдайда ЭСЖ-ты судың әсеріне төзімді емес заттардың астына орналастырмау қажет. ЭСЖ-ты қорғалмаған үй-жайларда орналастырылған кезде ЭСЖ астына кәрізге дренажы бар қорғаныш поддонды орнату қажет.

ЭСЖ техникалық және кепілдік қызмет көрсету үшін қол жеткізу қиын жерлерде (антресольдер, текшелер, төбе аралық кеңістіктер және т.б.)

орналастырылған жағдайда, ЭСЖ-ты бөлшектеуді мен монтаждауды тұтынушы өзі немесе оның есебінен жүзеге асырады.

Ескерту: қорғаныс поддоны ЭСЖ жеткізу жиынтықтылығына кірмейді.

7. СУ ҚҰБЫРЫНА ҚОСУ

Көк сақинамен белгіленген суық су кірісіне (1-сур., 3 т.), сақтандырғыш клапанды (1-сур., 5 т.) келген тығыздауыш материалмен қосылыс (зығырмен, ФУМ таспасымен және т.б.) герметикалылығын қамтамасыз ете отырып, 3,5-4 айналымға бұрап, орнату керек.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ЭСЖ-ты қауіпсіздік клапанынсыз пайдалануға немесе басқа өндірушілердің клапанын пайдалануға тыйым салынады. Сақтандырғыш клапаны мен ЭЖС арасында су бекіту шұраларын орнатуға тыйым салынады.

ЭСЖ жұмыс істеп тұрған кезде сіз қауіпсіздік клапанының дренаждық тұмсығынан тамшылардың пайда болуын байқай аласыз (суды жылыту кезінде артық қысымды босату). Ылғалды кетіру үшін дренажды тұмсыққа сәйкес диаметрлі резеңке немесе силикон құбырды бекіту ұсынылады.

Су құбыры жүйесіне қосу келтеқұбырлардың төменнен шығуына сәйкес жағдайда жүргізілуі тиіс. Басқа күйде қосылу мүмкін емес, өйткені бұл ЭСЖ-ның істен шығуына және бұйымның кепілдіктен алынуына әкелуі мүмкін.

Су құбыры жүйесіне қосылу 1-суретке сәйкес тек мыс, металл-пластик немесе пластикалық құбырлардың, сондай-ақ арнайы икемді сантехникалық апарулардың көмегімен жүзеге асырылады. Бұрын қолданылған икемді сантехникалық сымдарын қолдануға тыйым салынады. ЭСЖ-қа суды суық су құбырына орнатылған ластау-сүзгі арқылы беру ұсынылады (жеткізу жиынтықтылығына кірмейді).

1-сурет. ЭСЖ су құбырына қосу сұлбасы



1-сурет: 1 – ЭСЖ, 2 – ыстық судың келтеқұбыры, 3 – суық судың келтеқұбыры, 4 – ағызу вентиля, 5 – сақтандырғыш клапан, 6 – канализацияға дренаж, 7 – жеткізгіш, 8 – ЭСЖ пайдалану кезінде вентиляді жабу, 9 – суық су магистралі, 10 – ыстық су магистралі, 11 – суық судың бекіту вентиля, 12 – ыстық судың бекіту вентиля, 13 – қорғаныс қақпағы, 14 – сақтандырғыш клапанның сыртқа шығаратын құбыры, 15 – сақтандырғыш клапанды ашуға арналған тұтқа, 16 – басқару панелі.

Қосқаннан кейін су жылытқыштан ауа ағынын қамтамасыз ету үшін ЭСЖ суық судың кранын (1-сур., 11 т.), араластырғыштағы ыстық судың кранын (1-сур., 12т.) ашыңыз. ЭСЖ толтыру кезінде араластырғыш кранынан үздіксіз су ағыны ағады. ЭСЖ араластырғыштың кранынан үздіксіз ағумен толтыру кезінде, суық су ағады. Араластырғыштағы ыстық су кранын жабыңыз.

ЭСЖ су құбырымен жабдықталмаған жерлерде қосу кезінде, ЭСЖ-ға суды сорғы станциясын пайдалана отырып, қосымша сыйымдылықтан, немесе ЭСЖ жоғарғы нүктесінен 5 метрден кем емес биіктікте орналасқан сыйымдылықтан беруге рұқсат етіледі.

Ескерту: пайдалану барысында ЭСЖ қызмет көрсетуді жеңілдету үшін ағызу вентилян (1-сур., 4т.) 1-суретке сәйкес орнату ұсынылады (ағызу келтеқұбырларымен жабдықталмаған үлгілер үшін (ЭСЖ жеткізу жиынтығына кірмейді)).

Егер су құбырындағы қысым 0,7 МПа жоғары болатын болса, онда ЭСЖ алдындағы кірісінде судың қысымын нормаға дейін төмендету үшін редукциялық клапанды орнату қажет (ЭСЖ жеткізу жиынтығына кірмейді).

8. ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ҚОСУ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр қорегін қосар алдында, ЭСЖ сумен толтырылғанына көз жеткізіңіз.


ЭСЖ ашасы және ҚАҚ бар штаттық электрмен жабдықтау сымымен жабдықталған.

Розеткада жерге тұйықтау клеммасы болуы және ылғалдан қорғалған жерде орналастырылуы тиіс.

Розетка және оған қосылған электр сымы 2000Вт кем емес номиналды қуатқа есептелуі тиіс.

Ашаны розеткаға қыстырыңыз. ЭСЖ ҚАҚ-пен жабдықталған, ҚАҚ-да орналасқан батырманы басыңыз.

9. ПАЙДАЛАНУ



2-сурет. Басқару панелі

2-сурет: 1 –температура реттегіш, 2 – ең төменгі жылытуға сәйкес келесі аймақ, 3 – ЭСЖ желіге қосылуын көрсететін «Power» индикаторы, 4 – жылытуды қосуға/өшіруге сәйкес келетін аймақ, 5 – «Power I» түймешігі – ТЭЖ қосу/өшіру 1,3 кВт, 6 – ЭСЖ пайдаланудың неғұрлым үнемді режиміне сәйкес келетін аймақ,

7 – жылыту режимін көрсететін «Heating» 3-индикаторы, 8 – ең жоғарғы жылытуға сәйкес келетін аймақ, 9 – «Power II» түймешігі- ТЭЖ қосу/өшіру 0,7 кВт.

ЭСЖ қосу/өшіру басқаруды реттегішті бұрумен және ҚӨЖ қосу/өшіру түймешіктерін басумен жүзеге асырылады.

Егер ЭСЖ пайдалану кезінде ҚАҚ қосылса, оны жұмыс күйіне қайтару үшін ҚАҚ батырмасын басу керек. Егер бұл ретте ҚАҚ қайта іске қосылса, оның іске қосылу себептерін жою үшін сервистік қызмет маманын шақыру қажет.

Егер сіз қыс мезгілінде ЭСЖ қолданбасаңыз және су магистральдарының мен су жылытқыштың қатып қалу мүмкіндігі болса, ішкі резервуарға зақым келтірмеу үшін қуатты өшіріп, ЭСЖ-тан суды ағызған жөн

10. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ТҚК-ны мезгіл-мезгіл жүргізу және магний анодын уақтылы ауыстыру ЭСЖ-ның ұзақ мерзімді жұмысы үшін міндетті шарт болып табылады. Бұл талаптарды орындамау ЭСЖ кепілдік қызметінен шығаруға негіз болып табылады. Магний анодына техникалық қызмет көрсету және ауыстыру өндірушінің кепілдік міндеттемелеріне кірмейді.

ТҚК жүргізу кезінде магний анодының жай-күйі және ҚЭЖ қақтың болуы тексеріледі. Сонымен қатар, ЭСЖ түбінде жиналуы мүмкін тұнба жойылады.

Магний анодын жылына кемінде бір рет ауыстыру қажет. Егер суда химиялық қоспалардың көп мөлшері болса, онда магний анодын жиі ауыстыру керек. ҚЭЖ-та қақтың пайда болуы оның істен шығуына әкелуі мүмкін, бұл кепілдік жағдайы емес және оны ауыстыру өндіруші мен сатушының кепілдік міндеттемелеріне кірмейді. Егер ҚЭЖ-та қақ пайда болса, оны қақтан тазартатын құралдардың көмегімен немесе механикалық жолмен алып тастауға болады. Шөгінділерді ЭСЖ-тан алғанда, ішкі бактың қорғаныс жабынына зақым келтірмеу үшін шамадан тыс күш қолданбау керек және абразивті тазартқыштарды қолданбау керек.

Алғашқы техникалық қызмет көрсетудің маңыздылығы мынада: қақ пен тұнбаның пайда болу қарқындылығы, магний анодының шығыны бойынша келесі ТҚК өткізу мерзімдерін анықтауға болады, нәтижесінде ЭСЖ-ның қызмет ету мерзімін ұзартуға болады. Жоғарыда аталған талаптар орындалмаған жағдайда ЭСЖ-ның пайдалану мерзімі қысқарады, ЭСЖ-ның істен шығу ықтималдығы артады және кепілдік міндеттемелердің қолданылуы тоқтатылады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚЭЖ-да қақтың жиналуы оның зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Ескерту: Қақтың пайда болуына байланысты ҚЭЖ зақымдануы кепілдік міндеттемелеріне жатпайды. Тұрақты техникалық қызмет көрсету өндіруші мен сатушының кепілдік міндеттемелеріне кірмейді.

ТҚК жүргізу үшін келесілерді орындау қажет:

- ЭСЖ қуатын өшіру;
- ыстық суды суытыңыз немесе оны қоспалағыш арқылы қолданып тастау;
- ЭСЖ-қа суық судың беруін тоқтату;
- қауіпсіздік клапанын бұрау немесе су ағызу шұрасын ашу;
- суық сумен жабдықтау келтеқұбырына немесе ағызу клапанына резеңке шлангты кигізу, оның екінші ұшын кәрізге бағыттау;
- қоспалағыштағы ыстық су қранын ашу және ЭСЖ суын шланг арқылы кәрізге ағызу;
- қорғаныс қақпағын алу, сымдарды ажырату, корпустан тірек фланецін бұрап алу;
- қажет болса, ҚЭЖ-ды қақтан тазалау және бактағы тұнбаны алып тастау;
- ЭСЖ-ны жинап, сумен толтырып, электр қуатына қосу

Дренаждық келтеқұбыры бар модельдерде ЭСЖ-ға суық судың беруін тоқтату, дренаждық құбырдағы бітеуішті бұрап, ыстық су қранын ашу жеткілікті. Су ағызылғаннан кейін бакты қосымша жуу үшін ЭСЖ-на біраз уақыт суық су беруді ашуға болады.


Мамандандырылған ұйымның күшімен ЭСЖ-қа техникалық қызмет көрсету кезінде сервистік кепілдікте тиісті белгі жасалуы тиіс.

12. ЫҚТИМАЛ АҚАУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ.

KZ

Ақау	Ықтимал себебі	Жою тәсілі
ЭСЖ-дан ыстық су арыны азайған. Суық судың арыны	Сақтандырғыш клапанның сыртқа шығару тесіктері ластанған	Клапанды шығарып алу және оны суда жуу керек
Жылыту уақыты көбейіп кеткен	ТЭЖ қақ тұрып қалған	Фланецті шығарып алу және ТЭЖ тазалау керек
	Электр желісіндегі кернеу төмендеген	Электр желісін пайдалану қызметіне хабарласу
Термоажырату түймешігі жиі іске қосылады	Орнатылған температура шекті температураға жақын	Термостаттың реттігішін температураны (-) азайту жағына қарай бұрау керек
	Термостаттың түтігіне қақ тұрып қалған	ЭСЖ-дан тірек фланецін шығарып алу және түтікті қақтан абайлап тазарту
ЭСЖ жұмыс істейді, бірақ суды жылытпайды	Шұра жабылмаған немесе істен шыққан (1-сур., 8 т.)	Шұраны жабу немесе ауыстыру керек (1-сур., 8 т.)
Электр желісіне қосылған ЭСЖ суды жылытпайды. Басқару панелінде индикация жоқ.	Термоажыратқыш іске қосылды немесе қосылған жоқ	Электр желісін пайдалану қызметіне хабарласу керек
	ҚӨҚ іске қосылады (бар болған жағдайда)	ҚӨҚ қайта қосу түймешігін басу керек. Кернеуді тексеру керек.
	Электр желісінде кернеу жоқ	Электр желісін пайдалану қызметіне хабарласу керек
	Желілік сымбау зақымданған.	Сервис орталығына хабарласу керек

Жоғарыда аталған ақаулар ЭСЖ ақаулары болып табылмайды және тұтынушымен өз бетімен немесе өз есебінен жойылады.



3-сурет. Термоажыратқыш түймешігінің ықтимал орналасу сұлбасы

13. ЭЛЕКТР СУ ЖЫЛЫТҚЫШТАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

Электр су жылытқыштарды тасымалдау және сақтау орамындағы манипуляциялық белгілерге сәйкес жүзеге асырылады:



– Жүкті ылғалдың әсерінен қорғау қажеттілігі



– Жүктің нәзіктілігі, абайлап қолдану шарты



– Жүкті сақтаудың ұсынылатын температуралық диапазоны: $+5^{\circ}\text{C}$ бастап $+40^{\circ}\text{C}$ дейін



– Жүктің тігінен дұрыс орналасуы;

14. КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

ЭСЖ орнату, пайдалану, техникалық қызмет көрсету қағидаларын және пайдаланылатын су сапасының қолданыстағы стандарттарға сәйкестігін сақтай отырып, дайындаушы ЭСЖ-тың қызмет ету мерзімін 7 жыл белгілейді.

ЭСЖ-ты кәдеге жарату кезінде жергілікті экологиялық заңдар мен ұсыныстарды сақтау қажет.

Өндіруші алдын ала ескертусіз ЭСЖ-тың конструкциясы мен сипаттамаларына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

15. ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ КЕПІЛДІГІ

Дайындаушы су жылытқышқа кепілдік мерзімін 1 жыл белгілейді, соңымен қатар құрамдас бөліктер мен жинақтаушы бұйымдарға кепілдік мерзімі келесідей:

- құрамында су бар сыйымдылыққа (ішкі бакқа) - 5 жыл;
- басқа құрамдас бөліктерге (қыздыру элементі, қыздыру элементінің колбасы, термостат, индикаторлар, тығыздағыштар, температура индикаторы, ҚАҚ, қауіпсіздік клапаны)-1 жыл.

Кепілдік мерзімі ЭСЖ-ны сатқан күннен бастап есептеледі. Дүкеннің сату күні мен мөртабаны болмаған немесе түзетілген кезде кепілдік мерзімі ЭСЖ шығарылған күннен бастап есептеледі. ЭСЖ-тың шығарылған күні құрылғы корпусындағы сәйкестендіру тақтайшасында орналасқан бірегей сериялық нөмірде кодталған. ЭСЖ-тың сериялық нөмірі он үш саннан тұрады. Сериялық нөмірдің үшінші және төртінші сандары - шығарылған жылы, бесінші және алтыншы – шығарылған айы, жетінші және сегізінші – ЭСЖ-тың шығарылған күні. Кепілдік мерзімі кезеңіндегі шағымдар сатушы-фирманың белгілері және ЭСЖ-тың корпусында сәйкестендіру белгісі бар осы нұсқаулық болған кезде қабылданады.

Кепілдік тек ЭСЖ-ға қолданылады. Қауіпсіздік клапанының немесе ҚАҚ-пен қуат сымының дұрыс жұмыс істемеуі ЭСЖ-ны ауыстыруға себеп болмайды. Орнату және қосылу ережелерін сақтау үшін жауапкершілік сатып алушыға (өздігінен қосылған жағдайда) немесе қосылуды жүзеге асыратын монтаждау ұйымына жүктеледі.

ЭСЖ орнату және пайдалану кезінде тұтынушы кепілдік мерзімі ішінде құрылғының ақаусыз жұмысын қамтамасыз ететін талаптарды сақтауға міндетті:

- осы нұсқаулықта баяндалған қауіпсіздік шаралары мен орнату, қосу, пайдалану және қызмет көрсету ережелерін орындауға;
- сақтау, тасымалдау және монтаждау кезінде механикалық зақымдануды болдырмауға;
- ЭСЖ-да судың қатуын болдырмауға;
- ЭСЖ-да механикалық және химиялық қоспаларсыз суды жылыту үшін пайдалануға (5-тармақты қараңыз);
- ЭСЖ жеткізу жиынтығынан тұрақты жұмыс істейтін қауіпсіздік клапаны бар ЭСЖ пайдалану (5-тармақты қараңыз).
- ЭСЖ тек тұрмыстық мақсатта пайдалану.
- Ресей Федерациясы Үкіметінің 16.09.2020 жылғы № 1479 қаулысымен бекітілген Ресей Федерациясындағы өртке қарсы режим ережелерін сақтау. Бұл ережелерді бұзу адамның өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ мүлікке зиян келтіруі мүмкін.

22.07.2008 жылғы № 123-ФЗ «Өрт қауіпсіздігі талаптары туралы техникалық регламент» Федералдық заңының 82-бабының талаптарына

сәйкес өрт-жарылыстан қорғау құралдарынсыз электр жабдықтарын жанғыш ортада тұтану көзінің пайда болу қаупін болдырмауға бағытталған қосымша қорғау шаралары жоқ ғимараттар мен құрылыстардың жарылыс, жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті үй-жайларында пайдалануға жол берілмейді.

Дайындаушы тұтынушының осы нұсқаулықта баяндалған ЭСЖ орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету қағидаларын бұзуы салдарынан туындаған кемшіліктер үшін, оның ішінде бұл кемшіліктер ЭСЖ пайдаланылатын желілердің (электр және сумен жабдықтау) жол берілмейтін параметрлері салдарынан және үшінші тұлғалардың араласуы салдарынан туындаған жағдайларда жауапты болмайды. ЭСЖ сыртқы түріне өндірушінің кепілдігі қолданылмайды.

Кепілдік мерзімі шегінде құрамдас бөліктер мен компоненттерді жөндеу, ауыстыру тұтастай алғанда ЭСЖ кепілдік мерзімін ұзартпайды. Ауыстырылған немесе жөнделген компоненттерге кепілдік беру мерзімі бір айды құрайды.

16. ДАЙЫНДАУШЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Д Дайындаушы: Thermex heating technology (Jiangmen) Co., Ltd

Дайындаушының мекенжайы: Number 51, Jianshedonglu, Taoyuan Town, Heshan City, Guangdong Province, P.R.C. ҚХР жасалған



Барлық модельдер міндетті сертификаттаудан өтті және Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына КО ТР 004/2011, КО ТР 020/2011 және ЕАЭО ТР 037/2016 сәйкес келеді

Ресей Федерациясындағы сапа талаптарын қабылдайтын сауда ұйымының атауы және орналасқан жері:

«Торговый дом ТЕРМЕКС» ЖШҚ 187002, Ресей, Ленинградская облысы, Тосно қ., Московское шоссе, 44 үй, 1 кеңсе, тел.: 8 (800) 333-00-23

Ресей Федерациясына импорттаушы:

«Торговый дом ТЕРМЕКС» ЖШҚ 187002, Ресей, Ленинградская облысы, Тосно қ., Московское шоссе, 44 үй, 1 кеңсе, тел.: 8 (800) 333-00-23

Ресей Федерациясындағы кепілдік және сервистік қолдау қызметі:

тел.: 8 (800) 333-00-23 (дүйсенбі-жұма 09:00-ден 20: 00-ге дейін; сенбі, жексенбі 10:00-ден 18: 00-ге дейін Мәскеу уақыты бойынша; Ресей бойынша қоңырау шалу тегін), e-mail: service@thermex.ru

Бас сервистік орталық (ЭВН орнату және қосу, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу): Ресей, 196105, Санкт-Петербург қ., Благодатная көшесі, 63 үй, тел.: 8 (800) 333-00-23

Ресейдің басқа қалалары мен аймақтарындағы уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының телефондары мен мекен жайларын www.thermex.ru сайтынан табуға немесе сатушы компания көрсеткен қызмет көрсету орталығына хабарласуға болады.

Беларусь Республикасында сапа талаптарын қабылдайтын сауда ұйымының атауы және орналасқан жері:

«АКВАТЕРМЕКС» ЖШҚ, 220029, Минск қ., Куйбышева көшесі, 22 үй, п. 6, п. 202Б, тел.: +375 17 3-800-200, +375 44 5-800-202, minsk@thermex.by, www.thermex.by

БР кепілдік және сервистік қолдау қызметі: +375 17 3-800-200

Қазақстан Республикасында сапа талаптарын қабылдайтын сауда ұйымының атауы және орналасқан жері:

«Термекс Сары-Арка» ЖШС, тел.: 8 (7212) 51-28-89

Грузияда сапа талаптарын қабылдайтын сауда ұйымының атауы және орналасқан жері:

«Термекс Джи» ЖШҚ, тел.: +995 595273822

17. САТУ ТУРАЛЫ БЕЛГІ

KZ

Үлгі _____ Сериялық № _____

Сату күні « _____ » _____ 20 _____ ж.

Сатушы-фирма: _____

Сатушы-фирманың өкілінің
қолтаңбасы _____

Сатушы-
фирманың мөрі

Бұйым жиынтықталған, бұйымның сыртқы түріне наразылығым жоқ.
Қажетті белгілерімен пайдалану бойынша нұсқаулықты алдым, пайдалану
ережелерімен және кепілдік шарттарымен таныстым және келісемін.

Сатып алушының қолтаңбасы: _____



ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН 1 / КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ 1

Модель / Үлгі		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі
Серийный номер / Сериялық нөмірі		
Дата продажи / Сату күні		
Фирма продавец / Сатушы фирма		

Заполняется фирмой продавцом / Сатушы фирмамен толтырылады



ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН 2 / КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ 2

Модель / Үлгі		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі
Серийный номер / Сериялық нөмірі		
Дата продажи / Сату күні		
Фирма продавец / Сатушы фирма		

Заполняется фирмой продавцом / Сатушы фирмамен толтырылады



ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН 3 / КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ 3

Модель / Үлгі		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі
Серийный номер / Сериялық нөмірі		
Дата продажи / Сату күні		
Фирма продавец / Сатушы фирма		

Заполняется фирмой продавцом / Сатушы фирмамен толтырылады



ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН 4 / КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ 4

Модель / Үлгі		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі
Серийный номер / Сериялық нөмірі		
Дата продажи / Сату күні		
Фирма продавец / Сатушы фирма		

Заполняется фирмой продавцом / Сатушы фирмамен толтырылады



Дата приема / Қабылдау күні		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі
Дата выдачи / Берілген күні		
Дефект / Ақау		
Выполненная работа / Орындалған жұмыс		
Мастер (Ф.И.О) / Мастер (Т.А.Ә.)		

Заполняется сервисным центром/ Сервис орталығымен толтырылады

Дата приема / Қабылдау күні		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі
Дата выдачи / Берілген күні		
Дефект / Ақау		
Выполненная работа / Орындалған жұмыс		
Мастер (Ф.И.О) / Мастер (Т.А.Ә.)		

Заполняется сервисным центром/ Сервис орталығымен толтырылады

Дата приема / Қабылдау күні		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі
Дата выдачи / Берілген күні		
Дефект / Ақау		
Выполненная работа / Орындалған жұмыс		
Мастер (Ф.И.О) / Мастер (Т.А.Ә.)		

Заполняется сервисным центром/ Сервис орталығымен толтырылады

Дата приема / Қабылдау күні		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі
Дата выдачи / Берілген күні		
Дефект / Ақау		
Выполненная работа / Орындалған жұмыс		
Мастер (Ф.И.О) / Мастер (Т.А.Ә.)		

Заполняется сервисным центром/ Сервис орталығымен толтырылады

ТЕХНОЛОГИИ УМНОГО ДОМА

Использование подключения Wi-Fi — обязательное требование современной концепции умного дома. Thermex объединяет оборудование, способное взаимодействовать друг с другом и с пользователем. Умный дом — новый шаг в будущее, реализованный вместе с качественным, надежным и современным оборудованием Thermex.

Wi-Fi Motion –
новая
экосистема
вашего дома

Технология беспроводной связи Wi-Fi Motion

Технология Wi-Fi Motion обеспечивает стабильную многопользовательскую беспроводную связь с устройствами Thermex. С помощью Wi-Fi можно управлять техникой в квартире, офисе, загородном коттедже или на предприятии из любой точки земного шара.





thermex.ru